



XFTAMP 15.05.51

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887/2024-148-3-207-225>

## Наджиб Махфуздың «Біздің көшенің балалары» («حارتنا اولاد») романының идеялық-көркемдік ерекшеліктері

Г.А.Камишева\*<sup>ORCID</sup>, Ш.Ү.Баймаханова<sup>ORCID</sup>

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

(E-mail: [kamischeva\\_gulnur@mail.ru](mailto:kamischeva_gulnur@mail.ru), [b.y.sholpan@mail.ru](mailto:b.y.sholpan@mail.ru))

**Аңдатпа.** Н. Махфуз өзінің шығармашылық өмірінде отыздан астам роман жазған, солардың ішінде шоқтығы биігі- «Біздің көшенің балалары» – «اولاد حارتنا» деп аталатын тарихи романы. Тарихи роман араб әдебиетінде кенеттен пайда болған жоқ, оның орта ғасырларда танымал болған «халық романдарымен» тығыз байланысы бар. Біз талдап отырған шығармада да тарихи баяндаудың элементтері анық көрінеді, шығыстың дәстүрлері сипатталады, сондай-ақ белгілі бір тарихи тұлғалармен және оқиғалармен байланыс байқалады. Романда бес басты қаһарманның тағдыры негізінде бүкіл адамзаттың даму жолы хикая түрінде баяндалады. Шығармада өркениет пен адам табиғатын дамытудың жалпы мәселелері туралы ойлана отырып, бір-бірінен алыс дәуірлерді салыстыруға мүмкіндік беретін көркемдік құралдармен тарихты зерттеу жүзеге асырылады.

Мақалада Мысыр ғана емес, жалпы араб романының әміршісі атанаған Нобель сыйлығының иегері Наджиб Махфуздың шығармашылығы мен оның «Біздің көшенің балалары» романына әдеби теориялық талдау жасалады. Роман стилі, экспрессивтілік құралдары мен оның сюжеті, композициясы, тақырыбы мен идеясы талданады.

**Түйін сөздер:** араб әдебиеті, роман-хикая, араб реализмі, адам мен қоғам қайшылығы мәселесі, тарихи роман, сюжет.

Түсті: 10.03.2024; Мақұлданды: 16.09.2024; Онлайн қолжетімді: 25.09.2024

## Кіріспе

Қазіргі заманғы араб әдебиетінде тарихи роман жанры XIX ғасырдың аяғында пайда болды. Классикалық араб прозасына қарағанда, бұл жанрлық ерекшеліктің тамыры онша терең емес. Дегенмен, араб тарихи романының әдеби процесте салыстырмалы түрде кеш пайда болғанына қарамастан, оның халық романы жанрымен генетикалық байланысы бар деп сенімді түрде айта аламыз. Көптеген зерттеушілер "сира" (араб халық романы) жанры көптеген ғасырлар бойы ежелгі эпикалық дәстүрлерді, сиқырлы мотиві бар ертегілерді, сондай-ақ ортағасырлық тарихи және географиялық жазбалардың аңыздарынан алынған әртүрлі тарихи оқиғаларды қамтитындай болып айтарлықтай өзгерістерге ұшырады дейді.

Араб шығысының көне және бай әдеби дәстүрлеріне жаңа замандағы араб әдебиетіндегі көркемсөз шеберлерінің (Таха Хусейн, Тауфик әл-Хаким, ат-Тайиб Салех, Ибрагим әл-Куни, Гада ас-Саман, Махмуд Теймур, Мухаммед Зефзаф және т.б.) көптігіне қарамастан Мысыр жазушы Наджиб Махфуз (1911-2006) 1988 жылы араб тілді шығармашылық элита өкілдерінің ішінен Нобель сыйлығының бірінші және әзірге жалғыз лауреаты ретінде әлемге танылды. Ол араб әдебиеті әлемінде мұндай үлкен сыйлыққа өз шығармаларын араб тілінде жазып ие болған алғашқы жазушы болатын. Араб қоғамы бұл хабарды қуанышпен қарсы алды және бұл жазушының тек таланты мен маңдай тері ғана емес, XX ғасырдың бүкіл әлемдік мәдениетіне араб әдебиетінің қосқан үлесі деп таныды. Бұған дейін әлемде араб әдебиетінің орта ғасырлық туындылары ғана танымал болып келген. Енді әдебиет саласында жарты ғасырдай еңбек еткен, сол еңбегінің нәтижесі ретінде қырықтан астам кітап шығарған Наджиб Махфуздың арқасында қазіргі кездегі араб әдебиетін бүкіл дүниежүзі таныды. Дегенмен Махфуз бен Мысыр әдебиетін әлемге танытқан бұл туындының тағдыры оңай болмады. Ол XX ғасырдың ортасында Египет өз тәуелсіздігін алып, республика болған кезде ұлт-азаттық күрес толқынында жарық көрді. Қолжазбаның алғашқы тараулары 1955 жылы Египеттің "Эл-Ахрам" газетінде жарияланды. Бірақ көп ұзамай жаңа тараулары баспадан алынып, кітаптың басылымы тоқтатылды. *Неліктен Египетте "Біздің көше балаларына" тыйым салынды?* Бұл сұрақтың жауабы көбінесе бұл шығарманың тақырыбы мен көтерген проблемасына байланысты. Наджиб Махфуз пирамида елі батырларының өмірбаянын адамзаттың тарихи кодына енгізді. Автор романның жүз он төрт тарауында (қасиетті Құрандағы сүрелер саны да 115) ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін өз елінің – Египеттің – даму дәуірлерін сипаттаған. Кітапта бес басты кейіпкердің есімімен аталатын бес бөлім бар. Олардың барлығы аңызға айналған тұлғалар. Бұлар: Адхам (Адам ата), Джабал (Мұса пайғамбар), Рифаа (Иса пайғамбар), Қасым (Мұхаммад пайғамбар) және Арафа (ғалым). Бұл бес тұлға бір тамырдан әл-Джабаллауиден тараған. Жазушы өз кейіпкерлеріне мұндай атауларды тектен тек берген жоқ.

Шығармадағы оқиға Мукаттам (Синай, Мадиям) тауының етегіндегі шөл далада өрбиді Осындай техниканың көмегімен Махфуз бір Каир көшесінің негізін қалаушылардың тарихын бүкіл әлемнің жаратылу тарихымен байланыстырады, проблемаларды жаһандандырып, баяндау шеңберін кеңейтеді, сөйтіп, Таяу Шығыста негізі қаланған

үш монотеистік дін пайғамбарларының өмірбаяны арқылы әл-Джабалауидің, оның балалары, немерелері мен шөберелерінің өмір тарихын сөз етеді. Осылайша Н.Махфуз болашақ ұрпақты таңғажайып әрі керемет оқиғалар арқылы ата-бабаларының қателіктерінен сабақ алуға шақырып, өткеннің даңқты және қайғылы фактілерін көркем түрде баяндайды.

*Зерттеу жұмысының мақсаты:* Наджиб Махфуздың «Біздің көшенің балалары» романының сюжеттік желісі мен композициялық құрылымына, тақырыбы мен идеясына әдеби-теориялық талдау жасау. «Біздің көшенің балалары» романы: «Зұлымдық міндетті түрде жойылады. Түннің орнына күн келеді, біз тирандардың өлімін және жарық, ғажайып таңын атқанын көреміз», – деген оптимистік сөздермен аяқталады (Махфуз, 2012:555).

Міне, осылайша бүкіл адамзат үшін бақытты өмірдің жолын іздеген бес кейіпкерді де біріктіретін нәрсе- өмірдің мәні-жақсылық жасауда екенін түсініп, соған жету үшін әрекет етуінде. Осындай үлкен жасампаздық идеяны ұсынған романды қазақ оқырманына танытудың пайдасы зор деген оймен зерттеу тақырыбы етіп алдық.

Мақсатқа жету үшін бірнеше міндет қойылды: Н.Махфуз өмірі мен әдеби шығармашылығын зерттеу; шығармаларын тақырыптық жағынан топтастыру; қаламгер творчествосындағы Мысыр туралы романдар сериясына талдау жасау; зерттеу нысаны болып отырған «Біздің көшенің балалары» («اولاد حارتنا») романының көркемдік ерекшеліктерін қарастыру.

Зерттеу нысаны: 1959 жылдың қыркүйек айынан бастап «Әл-Аһрам» газетінде жариялана бастаған Н.Махфуздың «Біздің көшенің балалары» («حارتنا اولاد») романы. Аталмыш роман сол уақыттағы Мысырдың саясаты мен діни көзқарасына байланысты әдебиет әлемінен ысырылып, жарық көруге тыйым салынады. Кейіннен 1965 жылы алғаш рет кітап болып Ливандағы баспадан шығады. Аталмыш романды орыс тіліне В.Н.Кирпиченко(1990), В.Н.Зарытовская (2012) аударды. Біз өз зерттеуімізге «Біздің көшенің балалары» романының В.Н.Зарытовская аударған нұсқасы мен араб тіліндегі нұсқасын пайдаландық.

## Әдіснама және зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысы барысында автордың өмірбаяны *биографиялық зерттеу әдісі* арқылы жан-жақты қарастырылды. Өмірбаяндық әдіс әдеби мәтіндер мен жазушылардың өмірбаяндары арасындағы тікелей байланыстарды зерттейді. Әдістің негізі – туындының авторы – қайталанбас өмірбаяны бар, оқиғалары оның шығармашылығына әсер ететін, өз ойларымен, сезімдерімен, қорқыныштарымен өз уақытында өмір сүретін тірі адам деген түсінік, бұл, әрине, оның туындыларының тақырыптары мен сюжеттерін таңдауды айқындайды. Сондықтан Наджиб Махфуздың қмір жолы мен оның түрлі кезеңдерде жазған туындыларына сипаттама беріп, талдау жасау зерттеу жұмысына оң әсерін тигізеді. Сонымен қатар зерттеу нысанының көркемдік құндылығын сөз өнерінің туындысы ретінде таныту үшін *герменевтикалық әдісті* қолдандық. Герменевтика заманауи әдебиеттану ғылымының бір саласы, ол – мәтінді түсіндірудің философиялық-

эстетикалық теориясы және шығарманың мағынасын түсіну туралы ғылым. Бұл әдісті романның сюжеттік желісі мен тақырыбы, идеясын талдауда қолдандық. Бұл әдіс шығарманың жазылған уақытын, авторының дүниетанымын ескере отырып, «Біздің көшенің балалары» романының ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Ал романның құрылымына, оқиғалардың басталуы мен аяқталуы, жалғасуына талдау жасағанда композициялық әдіс қолданылды.

### Нәтижелер және талқылау

Әдебиет-ықшамдалған әлем болса, әдеби шығарма-сол нұрлы дүниенің сырлы белгісі. Ол-өмірдің өзі секілді күрделі, бұралаңы көп, қия-қалтарысы мол шытырман шындық. Дүниенің бір бөлігін күллі тамыр-тереңімен қопарып алып, ажарлы әрі асыл өнер туындысына айналдыру. Оның мазмұны мен пішініне өнерпаздық қасиет дарыту деген сөз. Оқырманға терең ой тастап, әр оқыған сайын бұрын байқамаған жаңа, соны сыр ұқтыратын шынайы өнер туындыларының қатарына «Біздің көшенің балалары» атты философиялық романы да жатады.

Алғашында бұл роман «Аль-аһрам» газетінде «Біздің көшенің балалары» деген атпен жарияланған. Негізінен алғанда, роман аллегориялық туынды. Ондағы оқиға ерте кездегі Каирдың шеткі көшелерінің бірінде өтсе, сол көшенің өзі бүкіл әлемнің бейнесі секілді. Ал, солш көшенің балалары-адамзат ұрпақтары деп саналады. Романның сюжеті-иуда, христиан, ислам діндеріндегі қасиетті кітаптардың еркін интерпретациясы, ал, оның кейіпкерлері Иисус, Муса, Мұхаммед, Адам, Ібіліске ұқсас.

Автор бүкіл адамзат өкілдерінің өміріндегі олардың жақсылық үшін күресі мен сол жолда жіберген қателіктерін, адасушылығын, сол көшені мекен еткен бірнеше ұрпақ өкілдерінің іс-әрекетін, тіршілік үшін күресін сөз ете отырып суреттейді.

Наджиб Махфуздың өмірі мен шығармашылығын орыс әдебиеттанушы ғалымдары біршама зерттеген. Атақты орыс арабисі, жазушының өмірі мен шығармашылығын зерттеуші, аудармашы В.Н.Кирпиченко 1990 жылы Махфуз романының орыс тіліне аударғанда, шығарма атауын «Предания нашей улицы» деп атаған. Ол былай деп атап өтті: "... оның (романының) кейіпкерлері," біздің көшенің балалары ", қарапайым адамдар ғана емес, барлық адамдардың бақыты мен амандығын аңсаған пайғамбарлар. Ескі және Жаңа Заветтер, Құран, Сира (Мұхаммед пайғамбардың өмірбаяндары) аңыздары Джабалауи көшесінің негізін қалаушы туралы халық аңыздарының формасына салынған, оларды көше тұрғындарының көптеген ұрпақтары ауыздан-ауызға жеткізеді[1,110]. В.Н.Кирпиченко роман жанрын «сира жанры» деп атауды ұсынды. Мамандардың айтуынша, «сира» («араб халық романы») жанры көптеген ғасырлар бойы ежелгі эпикалық аңыздарды, сиқырлы ертегілерді, сондай-ақ орта ғасырлық тарихи және географиялық шығармалар аңыздарынан алынған түрлі тарихи әңгімелерді қамтып, елеулі өзгерістерге ұшырады. Орта ғасырлардағы араб әдебиетінде тарихи тақырып әрдайым назарда болған. Бірақ оған деген қызығушылық XIX-XX ғасырдың басында өзінің шарықтау шегіне жетті, бұл тарихи жанрды құруға ықпал етті[2,158].

Қазақ әдебиеттану ғылымында арабтың атақты жазушысы туралы Ә.Дербісалиев «Мысыр өмірінің жыршысы» ( Қазақ әдебиеті 19.05.1989ж. №20.) деген тақырыпта мақала жарияласа, Д.Т.Көптілеуова, Р.Қожахметованың да зерттеу еңбегі бар.

Наджиб Махфуздың әдебиетшілік қызметі оның ойлауының «романдық» стилімен ерекшеленеді [3,15]. Бөлшекке бүтіндік қасиеттер беріп түсіндіру, әлемнің бөлшектерін жалпы бір бүтінге сыйғызуда оның философиямен айналысуының үлкен әсері болса керек.

Н.Махфуздың аты әуелде тарихи тақырыптарды сөз ететін үлкенді-кішілі романдармен шықты. Араб мемлекеттерінде орын алып жатқан көптеген әлеуметтік-мәдени үрдістер египеттік тарихи роман жанрының қалыптасуы мен дамуы негізінде, заманауи әдебиеттің рөлі күшейген уақытқа сәйкес келеді [4,115].

Жазушы шығармашылығында шоқтығы биік саналатыны «Біздің көшенің балалары» романы. Романның негізгі көтеретін мәселесі-бүкіл адамзат бақытты болуы үшін не істемек керек? Роман кейіпкерлері осы ғаламдық мәселені шешуде түрлі жолдар таңдайды. Осы көркем туындының төрт жүз бетінде «бақыт» сөзі мен оның вариациялары алпыс реттен астам кездеседі. Демек, автор үшін бақыт іздеу мәселесі бірінші кезекте. Туындының қаһармандары кездейсоқ табатын жеке немесе отбасылық бақытты бірінші орынға қоймайды, ол әділдік үшін күрестің қиыншылықтары барысында түрлі оқиғалар арқылы олардың тарихымен бірге жүреді.

Наджиб Махфуз нағыз ауқымды халық романын жазды. Бірінші тарауда авансценаға бірінші адам Адхам (прототипі-Адам ата) шығады. Ол әкесінің үйінде тұрады, оған қызметшілер жұмыс істейді және «Бақшадағы өмірден тамаша ештеңе жоқ!» [5,15]. Оның пікірінше, адамның шынайы тіршілігі еңбекке емес, баққа, оның жалт-жұлт тұрғындарына, суға және аспанға мас күйде сүйіспеншілікке негізделген. Умаймамен некеде Адхам өмірі сезінбеген бақытын тапты. Осы жағдайы үшін ол жаратушыға дән риза еді. Бірақ бақыт шексіз болса, ол мәнін жоғалтады. Мұра туралы ойлар оған тыныштық бермеді. Адхам ағасының үйретуімен, әкесінің өсиеті жазылған қағаздарды ұрлауға бел буады. Бұл әрекеті үшін ол әл-Джабаллауи үйінен, яғни жаннаттан қуылады. Сөйтіп ол өткен қамсыз өмірін аңсап, жоқшылықта өмір сүреді. Адхамның ағасы Ыдырыстың (прототипі-Ібіліс) бейнесі өте қызықты. Басында Адхам екеуі бір-біріне қайшылықты образ ретінде суреттелген: Адхам-бақыттың қайырымның бейнесі болса, Ыдырыс-керісінше. «Менің бақытсыздығым - кез келген адамның менімен кездесуі қандай да бір қиындық туғызатындығында», - дейді ол өзі туралы [5,15]. Бауырлардың жаман әрекеті олардың арасындағы айырмашылықтарды жойып, екеуін де жануарға айналдырады. Алайда олардың отбасылары болашақта жер бетінде бұлбұлдар ән салып, сырнайлар сызыла ойнайтын өз жұмақтарын жасауға үміттенеді. Сонда олар тыныштық пен бақыт табамыз деген ойда болады.

Романның екінші тарауы туған қаласынан қуылған аңызға айналған Джабалдың (прототипі - Мұса пайғамбар) өмірін сипаттауға арналған. Таураттағы аңыз бойынша құдайдан өсиет алған Мұса сияқты Джабал да атасы әл-Джабаллауиден аян алады. Атасы Джабалға абыройлы қмір сүріндер, өздеріңе тиесіліні күшпен болса да алыңдар, сөйтіп бақытты болыңдар деп өсиет айтады. Ол бұл өсиетті орындайды. Адалдық, сыйластық, тәртіпті сақтап өмір сүрген Джабалдың әулеті бақытты ғұмыр кешеді.

«Біздің көшенің балалары» романының үшінші тарауында ағаш ұстасының ұлы Рифаа (прототипі-Иса пайғамбар) есімді жігіттің бақыт іздеуі туралы баяндалады.

Рифаа бірнеше тұрғындарды сөз күшімен сауықтырды. Ол өз миссиясына сеніп, бақытты болады. Рифаа "Бақытты шын жүректен іздеген адам оған лайық болады... Егер мен болмасам, онда осы бақытсыздарды жамандықтан кім құтқарады?",- дейді[5,313].

Тарихи деректерге сүйене отырып, Наджиб Махфуз келесі тараудың кейіпкері ретінде Қасымды (прототипі - Мухаммад пайғамбар) алады. Бұл қадамы үшін мұсылман қоғамы пайғамбарлардың соңғысын бейнелеуге тыйым салынғандықтан жазушыны айыптады да. Қарапайым малшы Қасым бай жесір әйел Камарды ұнатады. Олар үйлену тойын өткізіп, бақытты өмір сүреді. Бірақ Қасымға бұл аз болды, ол барлық адам бақытты болса деп армандай бастады. Қасым және оның жақтастары әділдік үшін күресте жеңіске жетті. Қасым билік еткен жылдары әлемде, жаңару мен жасампаздық болды. Бұрын ешқашан көше осындай бақытты, татулық пен достықта өмір сүрген емес. Адамдар Қасымды бұрын-соңды болмаған және енді болмайтын адамның үлгісі ретінде көрді. Оның бойында күш пен жұмсақтық, даналық пен қарапайымдылық, ұлылық пен мейірімділік, қадір-қасиет пен қарапайымдылық үйлесім тапқан еді. Оның үстіне ол жақсы әңгімелесуші, жақсы серіктес, әндер мен әзілдерді ұнататын көңілді кісі болған. Бірақ көшенің алтын дәуірі ұзаққа созылмады.

Соңғы бесінші тарауда оқырманның алдына біздің замандастарымыз - жас ғалым Арафа шығады. Жас жігіт Қасымның іс-әрекеттерін есте сақтайды, бірақ бақытты басқа жолмен тапқысы келеді. Қарапайым тұрғындар Арафаны сиқыршы деп санайды. Ол оларды сауықтыра алады. Ол досы Ханашқа былай дейді: "Олардың бақыты менің қолымда. Ал бұл аз емес. Әр қоқыстан пайдалы нәрсе шығарғанда, сауықтырғанда мен сиқырдан қандай рахат алатынымды ұмытпа. Бұл керемет күш, мен оған ие болдым!" [5,369]. Ол адамдар бақытты болуы үшін жамандық пен әділетсіздікке қарсы қару тапқысы келді. Бірақ Арафа кедей, ал эксперимент жасау үшін ақша керек. Сондықтан ол өзін бақытсызбын деп санайды. Ғалым өз жұмысының жемісті болуы үшін өзінің демеушісі Кадридың мүлкін басқарушы болып қызмет етуге барады. Бір күні Кадри оған: «Сенің шынайы бақытың менің қолымда. Мен қаласам, жетістікке жетесің, қаламасам, жетпейсің»,-дейді[5,522]. Өзінің қателігін түсінген Арафа қашуға тырысады, бірақ тұтқынға алынып, өлтіріледі. Алайда ол өз шеберлігінің құпияларын шәкірті Ханашқа айтып үлгерген еді. Сондықтан көше тұрғындары енді Ханаш оларды бақытты етуге тырысады деп үміттенеді.

Қайықтың ескексіз, құрылыстың шегесіз болмайтыны секілді сюжеттің де қазығы болады. Ол-сюжеттегі дәлелділік пен көз жеткізушілік. Роман «Әңгімелеушіден» деген бөлімнен басталады. Онда романда кездесетін оқиғалардан оқырманға түсінік беріп, «біздің көшенің» негізін салушы, бәрінің атасы-Джабалауи туралы, оның жұмбаққа толы өмірі мен сол көшені жасаудағы еңбегі жөнінде сөз болады. Бір кезде тек ұшқан құс пен жүгірген аң мекен еткен шөл даланы игеріп, адам баласы өмір сүре алатын дәрежеге жеткізген, оған өз ұрпақтарын таратып, тіршілік нәрін берген Джабалауи туралы сол көшенің тұрғындары былай дейді: «Одан біздің көше тарады, ал көшелерден әлемнің әлемі-Египет құралады» [5,25]. Сол көшенің адамдары Джабалауиді жаратушыдай санап, оның өзін көрмесе де, дауысын естімесе де сыйлап, өмірде таршылық көріп, әділетсіздіктің құрбаны болса да ол өмір сүрген «үлкен үйге» қарап, «онда біздің атамыз тұрады, біз бәріміз соның ұрпағымыз» деген сөздерді жандарына медет еткен.

Романның тұтас тұлғасы сандаған жеке оқиғаларға бөлінеді. Сол оқиғалар бас-аяғы бар, ішіне жинаған көркемдік қуаты бар, негізінде, көпшілігі драмалық сюжеттер. Роман басталғандағы Джабалауидің балаларын жинап, шаруашылықты басқаруды кіші ұлы Адхамға тапсыратындығынан бастап, оқиға шиеленісе түседі. Өйткені Адхам қара нәсілді әйелден туған ұл. Ал, бүкіл әулеттің шаруашылығын оның басқаруы Джабалауидің үлкен ұлы Ыдырысқа ұнамайды, сөйтіп ол әкесіне ең бірінші рет қарсы шағады. Осы тұстағы Джабалауидің қаһарлы жүзін, өктем іс-әрекетін автор былай суреттейді: «Оның жүзі Нілде болатын су тасқынындай қарайып кетті. Джабалауи қайратты қолын көтеріп, тас қорғанындай ауыр денесін жай ғана қозғап, ұлына жақындады. Бәрі де ыдырысқа келетін қауіпті түсінді. Отбасында үйдің іші үнсіздікпен қарсы алған жаңа трагедия басталды. Джабалауи алға қарай екі қадам аттады да: - Сен енді маған бала емессің, ал мен сенің әкең емеспін. Мынау үй де енді сенікі емес. Онда сенің анаң да, бауырларың да, малайларың да жоқ. Қалаған жағыңа кете бер! Саған менің қаһарым мен қарғысым серік болсын» [5,82].

Міне, романның түйіні осындай серіппелі трагедиядан басталғандықтан, оның сол әсері оқушыны уытты уысында ұстап, романның аяғына дейін сол трагедияның лебінен аулық жібермейді.

Бұдан кейін Ыдырыстың Адхамды алдап, оның да үйден қуылуына әсер етуі, көп қиыншылық көріп, енді ғана бас көтеріп келе жатқан Адхамның балаларының бірін-бірі өлтіруі-тұтасқан трагедия мен драмалық тартыстар. Мұнымен драмалық сюжет тоқтаған жоқ, оның арты Адхам мен Умейманың, Ыдырыстың өлімімен аяқталады. Романның «Адхам» деп аталатын бөлімі былайша аяқталады: «Адхам мен Умейма бірінен соң бірі, ал олардың ізінше Ыдырыс та көз жұмды. Балалары өсті. Қаңғырып өткізген біраз жылдан соң Қадри мен Хинд (Ыдырыстың қызы) өз ұрпақтарымен елдеріне келді. Балалар бір-бірімен қатар өсіп, үйленіп, ұрпақ өрбітіп жатты. Шаруашылықтың пайдасынан түскен табыстан тұрғындардың да саны өсіп, көбейе бастады. Міне, осылай біздің көше пайда болды» [5,83].

Жоғарыда сөз еткен трагедиялық тартыс арасында арагидік кішкене-кішкене сюжеттер де бар. Олар да драмалық болып, не қатты өкініш, не көңіл көтерер шаттық әкеліп жатады. Бұдан кейінгі бөлімдерде («Джабаль», «Рифаа», «Қасым», «Арафа») топ-топ оқиғалар: Хамдан әулетінің жазықсыз жәбір көруі, Джабалдың өз әулетінің бақыты үшін күресуі, оның қуғындалуы, кейін қайтып келіп күресін қайта жалғастыруы, Джабал мен оның жақтастарының айламен күштің арқасында футтуваларды жоюы, ең соңында, Хамдан әулетінің өз дегеніне жетуі- бәрі де сюжеттің драмалылығы, трагедиялық халдың басымығы.

Бірақ Хамдан әулетінің көп қиыншылықпен жеңіп алған тыныш тіршілігі Джабал өмірден өткеннен кейін қайта бұзылады. Бұл туралы автор: «Джабал тірі тұрғанда оның әулеті тыныш, қауіп-қатерсіз өмір сүрген. Ол өз туыстарының есінде әділеттіліктің символындай болып қалды. Егер біздің көше тұрғындарының бәріне тән қасиет-ұмытшақтық болмаса, Джабал біз үшін мәңгі есте сақтайтын тұлға болып қалар еді. Бірақ біздің көшенің қасіретті қасиеті-ұмытшақтық», - дейді [5,151].

Романның әрбөлімі драмалық сюжетті оқиғалар мен ойдым-ойдым трагедиялық халге толы. Себебі оны жазушы драмалық сюжеттік заң жүйесімен, мол қорлылық дәстүрмен,

аз жерде көп мүлікті орналастыру, сөйтіп, көркемдік өмірді сонша көз тұндырған, қанша оқыса да таусылмас, жалықтырмас мүлік етіп қалыптастыру мақсатында істеді. Ал, бұл шығарманың ұлылық қасиеттерінің бірі-осындай оқиға қоюлығында.

Міне, осының барлығы келіп, «Біздің көшенің балалары» романының өн бойы түгел драмалық сюжетке толы екенін, соның нәтижесінде мұның оқушыға тартымдылығын, әсерлі қуатты күшінің оқыған сайын тасып түсіп жататынын сеземіз. Сол драмалық тартыстар бұл еңбектің әсерлілік сәулесін көз тұндырардай молайтып жатқанын да пайымдатады.

Романның «Джабал» деп аталатын бөлімінде Хамдан әулетіне көмек көрсеткісі келгені үшін Джабалды бұрын асырап алған сол шаруашылықтың басқарушысы үйінен қуып жібереді. Өзі шыққан әулетке қайта оралған Джабал өз жақтастарын жинап, сол әулеттің теңдігі үшін күрес жүргізбекші болады. Осы жерде оқиға желісі үзіліп, басқа арнаға бұрылады. Джабал өз көшесінен аулаққа кетіп, үйленіп, өз күресін қайта бастау үшін тәжірибе жинақтап оралады. Джабалдың әділдік іздеп алқынған арыны басылып, оның шаруашылықтағы табыстан өз үлестерін алмақшы болған жоспары, күрес әдісі туралы әңгіме тоқтатылып, енді оның басқа көшеге кетуі, сол жақта жылан үйретуші болып еңбек етуі жайында сөз болады. Арада біраз уақыт өткізіп барып, автор сюжеттік желісін Джабалдың негізгі мақсатына қайта әкеліп, оны табысқа жеткізеді.

Ал, «Қасым» деп аталатын тарауда да Қасым ойына алған мақсатын біраз қиыншылықтар мен қайғы-қасірет шеігп барып, Джабал сияқты басқа көшеге кетіп, күш жинап, жоспар құрып жүзеге асырады. Бұл бөлімде де оқушы Қасымның басқарушымен күресінің шарықтау шегіне жеткенде үзіліп, арасындағы ірілі-ұсақты оқиғаларды оқып барып, қайта жалғасқанын байқайды.

Міне, осы секілді мәселелер жазушының қолына алған көркемдік жақсы көрінісін жеткізе пайдаланып, оқушының көз алдында ұзақ ұстап, одан жеткізер әсерін толық тұтынып шығу үшін өз шарқынша бар шараны табиғи түрде пайдаланады.

Романды аша салып тап болатын таудай оқиғаның басы-Ыдырыстың үйден қуылу оқиғасы. Джабалауи Ыдырысты үйден қуғанда, оның өз айтқанын тыңдамай, қарсы шыққандықтан басқаларын қорқытып, бұқтыру үшін істеген ісі емес. Оның қатты ашу үстінде айтқан сөздері шағым етуге жатпайтын үкім еді. Соны айтты да, сөзді ол енді қозғамай қоя салды. Бұл оқиғаны осымен тұжырымдаса да болар еді. Бұл жерде оқушы Джабалауиды баласына қатыгездік көрсетті деген әсерде қалатын еді. Бірақ кейінгі Ыдырыстың іс-әрекеті оқушыға «Оның қылмсына қарай жаза тартуы дұрыс болды» деген ой туғызады. Кейін ол Адхамды алдап, оны да үйінен қуғызады да, онымен қоймай, Адхаммен көрші тұрып, оларды мазақ қылып, күн сайын табалап, күн көрсетпейді. Оның істеген ісінен, әйел-бала-шағасының әрекетінен кінәрат тауып, күндіз-түні көше кезіп, Адхамның отбасында кішкене шу шықса, оны дабыра қылып, айналаға жар салады. Ендігі әңгіме осы оқиғалардан басталып, әр ұрпақтың өкілдерінің іс-әрекеттерімен көрініс табады.

Жоқшылық пен әділсіздіктің азабы жанын жеген Адхамның қайғы-қасіреті мұнымен бітпейді. Енді оның балалары қолын қанға бояйды. Төбелес үстінде Кадри Хумамды өлтіреді. Онан кейін ол өлген ағасының денесін шөл далаға көміп кетеді. Кадридің



қылмысы ашылғаннан кейін Адхам оған ағасын көмген жерінен қайта қаздырып, суық, өлген денені қылмыскердің өзіне арқалатып, көтертіп алып келгізеді. Бірақ автор бұл сжюжетті осымен тоқтатқан жоқ. Оқиғаны үшкірлеп, оқушының нәзік сезім қылын шерте түсіп, әрі қарай сөз етеді. Оның осындай ит тіршілігінің үстіне Джабалауиді әкеледі. Джабалауи баласы Адхамның қателігін кешіріп, өз шаруашылығын басқаруды оның ұрпақтарына ұсынады. Бірақ жазушы бұл іті онымен де аяқтамайды. Ендігі әңгімені осы оқиғадан бастап жаңаша баяндайды. Көше тұрғындары арасында шаруашылықты басқаруға талас туады. Әр әулет өз ерекшеліктерін, артықшылықтарын, футуваларының күшін айтып, өзара күрес жүргізеді. Әр кварталдың өкілдері өз әлдерінше, өз тәсілдер бойынша әділетсіздікпен күреседі, олар Джабалауиден көмек күтеді. Бірақ сюжет оқиғасы мұнымен бітпейді. Ақыр аяғында трагедия Джабалауидің өлімімен аяқталады. Шығармадағы ең үлкен таргедия-сол көше тұрғындарының ұмытшақтығы. Олар өз бастарында болған қайғыны да, қуанышты да тез ұмытады. Мұндай қасиет адам бойына тән болғандықтан, оқушыға сенімді де, нанымды болады. Бұл сюжетті үшкірлеудің шегі болып табылатын тұжырымдылыққа байланысты.

Романдағы образдардың ішінен қайсысын алсаңыз да, олардың өмірлік кезеңдері сараланып, таңдалып алынады да, оның характерлерін көрсететін оқиғалар үшкірлене береді. Ол үшкірлеу оқиғаны басынан аяғына дейін түгел түйреп өтпейді, оқиғада автор өзі араламаған жер тастайды да, ойын созып, өзінше жеткізу үшін оқушының сыбағасына қалдырады.

Жазушы оқиғаны оқушының ойы жетпейтін, оған жаңа болып көрінген жағынан суреттеп барады да, енді оның ойынан табылатын жерлерін оқушыға әуес, таңсық болмайтын оқиғаларын тастап, ол жайлы мүлде қысқарта салады. Сондықтан оқиғаның сюжеттік арқауы әрі қысқа, әрі нұсқа болып, автордың ұсынғанының бәрі де өз табиғатында әсерлі, өткір болып қалады. Сонда оқиғаны үшкірлей жазғанда автор әйтеуір соза бермей, оның оқушыға әсері азаймаған, өткірлік күші бәсеңдемеген жеріне дейін ғана алып барады да, көркемдік қасиетіне аз да болса нұқсан келіп, бояуының әрі кете бастағанда, оқиғаны түйіп қоя салады. «Біздің көшенің балалары» романының көркемдік бір бағалылығы да осында.

Енді романның сюжеттік желісі жайлы айтылғандарды қорытайық. Шығарма оқушының назарын о бастан-ақ үйіріп әкетіп, сол бастапқы әсердің осы уақытқа дейін бәсеңдемей, суымай қызықты күйінде ұстауы-романның бастан аяққа дейін қат-қабатты оқиғалығы, автор шығармасындағы айтпақшы болған идеяларын, адамдардың характерлерін, әлеуметтік қатынастарды және басқа да сол сықылды түйінді-түйінді нәрселерді тек қана тамаша сюжеттік желілер үстінде береді. Кітапты ашқаннан соңғы бетін жапқанға дейінгі оқушыны жетектейтін нәрсе- оқиғалар, өткір де қызық оқиғалар. Ал, бірінші оқиғаны бітіріп, екіншісін ашсаң, ол алдыңғысынан да басым. Ол оқиғалар бұрын әдебиет әлемінде не кездеспеген, не ондай етіп суреттемеген, ерекше тосын келген, оқыстан бас қосқан оқиғалар.

Роман ішіндегі образдар да бөлекше қалыпта сомданып, сырлы түйін түйген бейнелер. Джабалауи образын қараңызшы, қандай оқиғалар үстінде әңгіме етіледі. Жұмбаққа толы тіршілік еткен, ешкім оны көрмеген, ешкімге көрінбеген болса да, көшенің

тыныс-тіршілігінен хабардар, оны бақылап отырған. Джабалауи, Адхам, Джабал, Рифаа, Қасым, Арафалар өмірге бір-ақ рет келген жандар болса, олардың образдары да енді қайталанбастай, өмірі ешкімге, ешуақытта ұқсамастай мәңгілік қалса, ол шеберлікті оқиға қоюлығы, кереметтігі жасатып отыр.

Шын мәнісіндегі өнер туындысының айрықша асыл қасиетін, сыртқы түрі мен ішкі сырының үндестігін-сол көркем шығарманың мазмұны мен пішіні көрсетеді. Көркем шығарманың күллі құны мен қасиеті-оның мазмұны мен пішінінің бірлігінде. Мазмұнға қажет қасиет-сонылылық, бұрын-соңды ешкім қозмаған тың тақырыпты тың идеяға жинақтау. Пішінге қажетті қасиет-шығарманың сюжеті мен композициясындағы шеберлік.

Композиция, сөз жоқ, сюжетпен тығыз байланысты. Сюжет те, композиция да әдеби шығарманың мазмұнын көркем жинақтап, мазмұнды пішінге көшірудің құралы. Композициялық бүтіндік, тұтастық жоқ жерде сюжет те жоқ.

Сюжетті шығармалардағы оқиға желісін, адамдардың арақатынасын, образдар жүйесін қалыптастыруда ешқандай стандарт жоқ. Әр суреткер өз шығармасын, сюжетін өз қалауынша құрады. Демек, сюжеттің композициялық бітімі де әркімде әртүрлі болуы мүмкін. Бір шығармалар классикалық үлгімен экспозициядан басталса, кейбіреулері кульминациядан, ал енді біреулері сюжеттен тыс прологтан немесе әлдеқалай арнаудан басталады.

«Біздің көшенің балалары» романы «Әңгімелеушіден» деген бөлімнен басталады. Онда: «Мен әйгілі Арафаның бастауымен болған соңғы оқиғалардың куәсімін. Арафаның достарының бірі Біздің көшенің балаларын жазып алуға кеңес берген болатын. Ол маған: «Біздің көшеде тек сенің ғана қолыңнан жазу келеді. Неге саған өткен оқиғаларды жазып алмасқа? Әркім ол аңыздарды әрқалай айтуда, жазып алсаң, келер ұрпаққа мұра боп қалар еді», - деді. Өзімнің кеңесшімді сыйлағандықтан, әрі қызығушылықтан іске кірісіп те кеттім. Сөйтіп, біздің керемет көшемізде болған тамаша оқиғаларды жаза бастадым. Сонымен, біздің көше қалай пайда болды, оның тарихы қандай, ұлдары кімдер?» [5,10]. Міне, осы кіріспеден соң автор сол көшенің әрбір ұлы туралы сөз бастайды.

Сюжеттің басталуы оның кіріспесі іспеттес. Мұнда әдеби қаһармандар өзара қарым-қатынасқа көшпес бұрынғы хал-жағдай, тіршілік, қоғамдық орта, болашақ қақтығыстар алаңы, оқиғалар орны суреттеледі. Экспозиция-шығарманың сюжеттік желісіндегі өмірлік тартысқа тікелей ықпал жасамайды, тек мезгіл мен мекенге мегзеу, дәйек ретінде қалады [5,15]. Романның бірінші бөлімі мынадай экспозициядан басталады: «Бұрын біздің көшенің орнында Мукаттам тауының етегінен бастап, сонау көз жетпейтін қашықтыққа дейін шөл дала болған. Сол далада үлкен үйден басқа ештеңе болған емес. Оны жалғыздық пен қорқынышқа қарсы батылдығын білдіріп Джабалауи тұрғызған болатын. Үйдің айналасы биік дуалмен қоршалған. Оның батыс жағында бау-бақша, шығысында үш қабатты үлкен үй тұр» [5,10].

Бұл-сюжеттің әдеттегіше классикалық басталуы. Өйткені автор мұнда оқырманын болашақ оқиғалар орнымен, адамдар тіршілік етер ортамен таныстырады.

«Біздің көшенің балалары» бес ұрпақ өкілдері өмір сүрген уақыт аралығын қамтитын болғандықтан, ол өмірді тұтас бір салалы оқиғамен қамтуы мүмкін емес. Өйткені нағыз

өмірді философиялық топшылаулы оқиға түйіндері ғана дұрыс түсіндіре алады. Сонда жазушы өмір оқиғасын қалай тереді? Бастапқыда шығарманың кейіпкерлері жоқшылық, қиыншылық дегеннің не екенін білмейді. Шаруашылықпен Джабалауи айналысады, балалары (Ыдырыс, Ридван, Аббас, Джалиль) ойын-күлкімен күн өткізсе, Адхам бақтың сұлулығына таңырқап, сайраған құстың үнін тыңдап, әсемдік пен әдеміліктің ортасында өмір сүреді. Содан соң тыныш тіршілік бұзылып, отбасында алауыздық туып, шиеленіс өршиді. Әрі қарай кедейлік, күнін зорға көру, бақытты өмірге талпыну басталады.

Автор бұл романның композициясын құрғанда, Адхамның үйден қууылуынан бастап, оның тіршілігін, Хамдан әулетінің көрген қиындығын, Джабалдың күресі мен іс-әрекетін, Рифаа көрген жәбірді, оның күресінің мақсатын, Қасымның басындағы қайғы-мұң мен көршілес бауырларының қасіретін, Арафаның жалынды жігеріне қарсы қара күшті суреттеп, оқиғалар жедісін жасайды. Енді осы оқиғалар бір-бірімен қалай байланысады?

Сюжеттік байланыс-адамдар арасындағы әрекеттің басы, тартыстың басталуы іспетті, шығарма арқауындағы негізгі оқиғаның әуелгі туындау себебі. Айталық, Адхамның үйден қуылуы Ыдырыстың жасанды, қулық іс-әрекетіне байланысты болды. «Адхам арендаторлардың бірінен кейін бірін қабылдап, жұмыс бөлмесінде отырды. Ол өзінің кітабынан басын көтермей, қызу іске кіріскен еді. Келген кісінің аты-жөнін сұрағанда:

- Ыдырыс аль-Джабалауи,- деп жауап берді. Мұны естіген Адхам орнынан ұшып тұрды да, таңырқаған кейіппен қайта отырды. Оны үн-түнсіз отырған аянышты кейіптегі Ыдырыс таң қалдырған еді. Ол:-Қорықпа, егер қабылдаймын десең, менің сенімен оңаша сөйлесетін сөзім бар,- деді де, сөзін әрі қарай жалғастырды:- Сен менің бұл өзгерісіме таңырқап отырған боларсың. Тағдыр менің маңдайыма ешкімнің әлі келмейтін бақытсыздықты салды. Бүгін мен жүкті әйеліммен бірге қаңғырған қарақшының күйін кешудемін. Егер де әкемнің қаһарын жібіту қолыңнан келсе, менен көмегіңді аяма. Мен әкем өз мұрасынан маған не қалдырды, соны білгім келеді. Бүгінімді жойғаннан кейін келешегімді, яғни балаларымның келешегін білгім келіп, саған келіп отырмын» [5,55]. Әрі қарай Ыдырыс мұра жазылған кітаптың қайда тұрғаны, оны қалай табу керектігін айтып, Адхамды көндіреді. «Кенет ол ашылған есіктің сықырын естіп, жалт қарады. Шырақтың жарығынан есіктің алдында тұрған Джабалауидің зор тұлғасын көріп, оның суық та қатал көзінің өзіне қадалғанын сезінді. Джабалауи қысқа ғана:-Шық!- деді. Қатал көзқарасын баласынан келініне аударған Джабалауи қаһарлы үнмен-Үйден кетіңдер!- деді. Бұл жолы үлкен үйдің есігі Адхам мен Умейманы шығару үшін ашылды да, тез арада қайта жабылды» [5,59].

Сюжеттік байланыс міне, дәл осы кезден басталады. Өйткені Габалаудің ұрпақтары өз үйінен қуылып, басқа жерде өсіп-өніп, жоқшылықтың ауыр азабын тартып, қиын күн кешеді. Осы оқиғалардан кейін «Біздің көшенің балалары» туады. Адхам, Джабал, Рифаа, Қасым, Арафалар үлкен үйден тыс дүниеге келіп, өз өмірлерін әкелері, арғы аталары Джабалауиды тануға, оның өсиет еткен он шартын басқарушыға таныстыруға, өз көшелерінің адамдарына бақытты тұрмыс алып беруге әрекет жасаған, осы істерді өз өмірлерінің мақсаты еткен адамдар. Демек, байланыс экспозициядай емес, шығарманың сюжеттік желісіндегі өмірлік тартысқа тікелей ықпал жасайды, оқиғаны өрбу жолына салады.

Бұл романдағы сюжеттің шарықтау шегі-Арафаның үйге барып, абайсызда Джабалауидің қызметшісін өлтіріп алуы. Осы оқиғадан кейін әбден қартайып, төрт ұрпақтың өкілдерін өмірден өткізіп барып, Джабалауи да көз жұмады. «Бір кезде сілтідей тынған тыныштықты ащы айқай бұзды. Арафа ұшып тұрып: -Қызметшінің өлігін тапты,- деді. Қорқыныштан оның үні шықпай қалды. Сәлден соң Арафа көшеге жүгіріп шыққан оның назары үлкен үйге ауды. Сол жақтан Гамалияға қарай басы төмен салбыраған бір кісі жүгіріп келді де- Не болды?-деген Арафаның сұрағына- Бәрі де бір Алланың ісі. Егде тартқан шағында Джабалауи қайтыс болды,- деді» [5,310].

Композициялық жағынан шебер құрылған сюжет өзінің шарықтау шегіне осылай көтеріліп, шешіміне осылай келсе керек. Шешім-шығарма сюжетінің шешуші кезеңдерінің бірі, суреткердің өзі сипаттап отырған өмір шындығына шығаратын «үкімі», адамдар арасындағы қарама-қарсы тайталастардың, күрделі күрестердің бітуі, түрліше тағдырлар талқысынан туған нақты нәтиже, оқиғаға қатысушылардың ақырғы хал-күйі, күллі құбылыс, көріністердің соңғы сахнасы.

«Күн сайын Арафа жайлы шындық ашылып, адамдар арасына тарай бастады. Мұндай ақиқат тұрғындар жүрегіндегі Арафаға деген жылылықты күшейтіп, оның атын құрметпен еске алатын болды. Кейбіреулер Арафаның Джабалауиді өлтіруі мүмкін емес десе, енді біреулер ол өлтірген күнде де көшедегі ең ұлы адам деп есептеді. Енді біраз уақыттан кейін біздің көшеден жас жігіттер жоғала бастады. Оларды Ханаш жинап алып, Арафаның ісін жалғастыру үшін баулып жатыр деп естідік. Адамдар әділетсіздік жойылып, бақытты күн кешетін кез әлі-ақ келеді деп сенді» [5,352]. Бұл шешімнің күшітілін романды оқып, әсеріне бөленген адамның өзі аңғара алады.

Романның бірінші бөлімі мынадай бірінші жақтағы баяндаудан басталады: «Мен сіздерге біздің көшенің тарихын, нақтырақ айтсам, Біздің көшенің балаларын баяндайын. Мен өзім бұл көшеде болған соңғы оқиғалардың куәсімін. Бірақ әрбір оқиғаны ести отырып, жазып жүруші едім. Олар біздің көшенің тұрғындарының есінде жатталып қалған, сондықтан да оларда кемшілік жоқ». Ал, бірінші бөлім («Адхам») үшінші жақтағы баяндаудан басталады. Онда жазушы Джабалауидің балаларын жинап, Адхамды шаруашылық басшысы еткендігін айтады. Онан бұрын ол үлкен үйдің алдындағы бақты суреттеп, ондағы сайраған құстар, жайнаған гүлдер жайын біраз баяндайды.

Романда оқиғалық жағдай қанша қалың болса, онда баяндау да сонша жиі кездесіп отырады. Бірақ олар ылғи қысқа боп келеді. Мысалы: «Осы күннен бастап Адхам күн сайын үлкен үйдің оң жақ қапталындағы кеңсеге жұмысқа барып жүрді. Мұраға қатысты шарттар құпия күйде қалды» [5,25].

«Хамдан әулетінің шыдамы таусылды. Олар басқарушының үйінің алдына жиналып, өз еңбектерінің ақысын төлеуді талап етті. Жекелей емес, осындай ұйымдасқан түрде әрекет етсе, бір нәтиже шығатынын кеш болса да түсінді» [5,88]. «Квартал тұрғындары Шафеидің қайта оралғанын естіп, өз жұмыстарын тастап, оны қуанышпен қарсы алды. Мұндай қуанышты кездесуден кейін Шафеидің көңілі көтеріліп, жаны жадырап сала берді» [5,155]. «Мейрам күндері Қасым терезенің алдында отырып, көше тұрғындарын қадағалайтын. Мейрам қандай көңілді! Сырттан көңілді дауыстар мен музыкалық аспаптардың үні естіліп жатты» [5,231]. «Арафа мен Ханаш түпкі бөлмеден шырағданды

алып шығып, оның жарығымен жұмыстарын істей бастады. Ханаш Арафаның әрбір қозғалысынан көз алмай қадағалап қарап тұрды» [5,285].

Осының бәрі баяндау. Бірақ бұлар тек мысал ғана. Әрбір оқиғаны қиюластырып қосу үшін ең көп қолданылатын әдіс осы. Бұл баяндаулар көркемдікпен көмкерілген, ішіне суреттемелерді араластыра отырып жазған сырлы, адамды тартатын баяндау.

Композиция құрамының үлкен тетікті мәселесінің бірі-мінездеу. Мінездеме-кейіпкердің қылықтық-психологиялық қасиеттерімен таныстыратын, кейіпкердің ой-өрісімен, жүріс-тұрысымен, мәдени-рухани жақтарының басқа да түрлерімен таныстыратын сипаттамалар. Демек, мінездемелер характерлерді дәл, лайықты жасауға көмектесуі қажет. Ал, характер дегеніміз ырық бағытының көрінетін тетігі, сол себептен кімнің нені қалайтыны, қаламайтыны анық айтылмаған сипаттаманы бейнелей алатын тәсіл. Бұл романда автор мінездеуді онша көп қолданбайды. Ол оның орнына кейіпкерді тура әрекетке алып барады да, сол арқылы характерін бірден көрсетеді. Автор кейіпкердің мінезін бейнелеп жатпайды, оны бейнелегенде ол жерге бір-екі сөйлемді жұмсайды немесе өз кейіпкерлеріне ат беруде оның мінезінің қандай екендігін ескеріп, кейіпкердің бітім-болмысын анықтайды. Мысалы, Джабалауи *جبالوي* – таулық. Аты айтып тұрғандай, Джабалауиге ұлылық, биіктік, ешкімге бас имейтін паңдық, адалдық сияқты қасиеттер тән. Оған автор «Ол өте қайратты адам болған. Жабайы жыртқыштардың өзі де Джабалауи есімін естігеннен-ақ қорқатын» [5,22] деп, сипаттама береді.

Джабалауидің балалары Адхам мен Ыдырыстан Адам мен оған бағынбаған Ібілістің кейпін көреміз. Адхамды алдап, Джабалауидың жасырын нәрсесін білуге көндіруі, көңілін күдік жайлаған Адхамның ондай әрекетке баруына оның әйелі Умейманың араласу, итермелуі діни аңыздағы Ібілістің азғыруымен жаратушының тыйым салған алмасын үзіп, жұмақтан қуылған Адам ата мен Хауа ананың кейпін көз алдымызға әкеледі. Адхамның атының да Адам ата есімімен ұқсастығы осыдан туса керек. Адхамның сұлулыққа құмарлығы, мейірімділігі, қиындықты мойымай көтеретін қажырлылығы мен аңқаулығы осындай ұқсастықтарды танытады. Джабал, Рифаа образдарын жасағанда, олардың өмірін суреттеуде автор Мұса, Иса пайғамбарлардың Інжіл мен қасиетті Құрандағы өмір тарихына сүйенеді.

Джабал – *جبال* – тау. Оның есімі Інжілде Хорив тауы, Құранда Синай тауының етегінде Мұса пайғамбарға жаратушының келуімен байланыстырылып берілген. Романда Джабал Джабалауимен Мукаттама тауының етегінде кездеседі. Джабал бойындағы батырлық пен батылдық, адалдық сияқты жақсы қасиеттері оның іс-әрекетінен байқалады. Оның есіміне сай міне-құлқы мен ой-өресінің тау сияқты биік те заңғар екенін байқаймыз.

Рифааның есімі сопылық сектасының атымен (Рифайиа) байланысты берілген. Ол сектаның мүшелері жан тазалығын насихаттаған. Сол сияқты Рифаа да адам бойынан арамдық, зұлымдық сияқты жаман қасиеттерді қуу арқылы оның жанын тазартуды ойлаған. Рифааның зұлымдық, арамдық, қулық, сұмдыққа жаны қас, мейірімді, адал іс-әрекеті мен нәзік кейпі оның өзінің жанының соншалықты таза екендігін көрсетеді.

Қасым есімі Мұхаммед пайғамбардың (Абуль-Қасым) бір есімімен байланыстырылады. Қасым өзінің еңбексүйгіштігімен, адал және өмірде кездесетін қиыншылықты жеңе білетіндігімен ерекшеленеді.

Романның соңғы бөлімінің кейіпкері Арафа – عرف – діни сенімнің соңынан туындаған ғылым мен білімді игеру нәтижесінде пайда болған кейіпкер. Арафа ашқан жаңалықтан біз оның ізденімпаздығын, жауаптылығын және құпия нәрсені білу үшін талпынған талабынан оның білімге деген құштарлығын көреміз.

Міне, автордың кейіпкерге ат беруі олардың мінезіндегі ерекшеліктерін танытып, олар туралы оқушы санасында жақсы ойлар қалыптастырады.

Композициялық құрамның қажетті, әсерлі тетігі-шығармадағы диалогтар. Диалог екі адамның сөйлесуі деген сөз. Кейде ол жерде үш-төрт адам болып кетуі де мүмкін. Алайда бұл диалог сөз саптауда, шығарманы құрастыруда аса үлкен орын алатын бөлім. Диалогты жұрттың сөйлесуі деп қолдана беруге болмайды. Оны барынша тұжырымдап, шағын түрде қолдану керек. Диалог сюжеттің жеткен жерінен былай қарай оны дамытуы қажет. Демек, диалогта айтылған ой сюжетте берілген ойды қайталамай, оны ілгері дамытуды немесе оған қосымша ой беруді қамтамасыз етуі тиіс.

Джабал мен Джабалауидің кездескендегі екеуінің әңгімесін оқып көрейік.

– Кім, сен кімсің?

– Мен сенің атаң Джабалауимын, қорықпа.

– Мен сенімен бұл өмірде кездесемін деп ойламап едім.

– Дегенмен, біз кездестік. Джабал, сен мені қараңғыда көремін деп әуреленбей-ақ қой.

– Сен мені айнала тас-түнек болса да көріп тұрсың ғой.

– Мен мына шөл даланы кезіп, оны игеріп, тіршілік нәрін сеуіп жүргендіктен айнала тас-түнек болса да көруге үйренгенмін[5,118].

Романда осы секілді диалогтар көптеп кездеседі. Олар оқиғаны бастаушы не оны аяқтаушы, әйтеуір, әсерлендіруші. Сол диалог кейіпкерлердің шын сырын, ішкі дүниесін ашып көрсетуші. Жоғарыдағы диалогтан Джабалауидың үйінен шықпай, жалғыздықта өмір сүргенімен, сырттағы өз ұрпақтарының тұрмыс-тіршілігінен, хал-ахуалынан хабардар екенін көреміз. Ол өз ұрпақтары тығырыққа тіреліп, одан шығатын жолды таба алмай қиналып жатқанда, оларға көмек көрсетіп, жол сілтейтіндігін Джабалға берген бағыт-бағдарынан, Рифааға айтқан сөздерінен, Қасым мен Арафаға көрсеткен көмегінен көреміз.

Романдағы әрбір кейіпкердің, әр іс-әрекеттің ыңғайына қарай логика сырымен, логика дәлдігімен сөз саптаушылығы болады. Кейбір сөзін оның жеке тілдігі шешпейді, оның сол жерде қолданылған жауаптың тартыстық логикасы шешеді.

«Біздің көшенің балалары» романының тақырыбы- әлеуметтік әділетсіздік. Идеясы- адам баласы өмір сүріп отырған кезеңдердегі әділетсіздіктің және онымен күресудің әр кезеңде әртүрлі формада болатындығы. Мысалы, Адхам үшін бақыт-әдемі, гүл жайнаған, хош иісті бақта отырып, құстардың сығырлаған әсем әнін тыңдап, оларға өзі де қосылып сыбықы тартып, табиғаттың сұлу көрінісін тамашалау. Оның үлкен үйден қуылғаннан кейінгі басты арманы- сол баққа жету. Ол өзінің бала-шағасы сондай көркем жерде өмір сүрсе, жоқшылықты білмесе екен деп ауыр тұрмыспен күрес жүргізді. Адал еңбек етіп, балаларымды жақсы тәрбиелесем, әкем қатемді кешіретер, сөйтіп, үлкен үйге, гүл жайнаған бақшаға шақырып алар деген үмітпен өмір сүрді. Бірақ әкесі өлім аузында жатқан Адхамның қателігін кешіргенімен, оларды үйіне қайта шақырмады.

Сөйтіп, Адхам мақсатына жете алмай көз жұмды. Бұл, жалпылама алғанда, жұмақтан қуылғаннан кейінгі адамзат баласының ұлы арманы, жақсылыққа қайта ұмтылуы. Оған біреулердің қолы жетеді, біреулердің қолы жетпейді.

Джабал бүкіл бір кварталды мекен еткен Хамдан әулетінің қолын бақытқа жеткіземін деп, өзінің тыныш, қамсыз тіршілігін тастайды. Ол әділетсіздікпен күресте қара күшпен қатар амал-айланы да қолданады.

Рифаа – тек өз кварталы ғана емес, көршілес жатқан, өзінен көмек күткен аймақтардың тұрғындарының да жақсы тұрмысы үшін күресте адам бойынан арамдық, зұлымдық, қулық-сұмдықты қуып, олардың жанын тазартпақшы болып, әрекет етті. Өзі қара күштің құрбаны болды.

Қасым – бүкіл көше тұрғындарының бақыты, тыныш тұрмыс-тіршілігі үшін күресте біліктілікпен қатар күш, амал-әрекетті қолданды.

Арафа – әділетсіздікті жойып, шындықтың бетін ашуда білім мен ғылымды сенімді серік еткен. Бірақ өз мақсатына толық жете алмай, ол да әділетсіздіктің құрбаны болды. Міне, шығарманың негізгі идеясы осы.

Шығармада әділеттілік үшін күрес жүргізгендердің ішінен Джабал мен Қасым ғана өз кездерінде жеңіске жетіп, бақытты өмір сүрген. Бірақ олар көз жұмғаннан кейін баяғы тірлік қайта келіп, адамдар жоқшылық пен ауыр тұрмыста күн кешеді.

Автордың айтпақ болған ойы: әділеттілік пен әділетсіздіктің адамдар өмір сүріп отырған кезде мәңгілік өзара күресте болатындығы. Диалектикада «Қарама-қайшылықтың бірлігі мен күресі» деген заң бар. Міне, дамуда, адамзаттың өмірінде әділеттілік пен әділетсіздік бірін-бірі жеңсе, тіршілік бір сарынды болып, өмірде ешқандай мән, мағына болмайды. Сондықтан бұлар үнемі күресте болады. Міне, шығарманы оқып болғаннан кейінгі оқушы ойында қалыптасатын объективтік идея осындай, яғни нақты шығармадан туатын мақсатты нәтиже осы болмақ.

Жазушы адамзат тарихындағы діни кезеңдерді зерттеп, олардың әрқайсысы адамдарды әлеуметтік теңсіздіктен, саяси тираннан құтқару жолында не істегендігін анықтауға тырысты. Сөйтіп, романның баяндау стилі мен образдар құрылымын тағы да өзгертеді, уақыттың шекарасын кеңейте түседі. Оқиға ежелгі аңыздардан басталып, соңы болашаққа арналады. Оған «біздің көшенің» төңірегінде болып, романның топонимикасы Каирдың бірнеше көшелерін қамтығанымен құбылыстың географиясы бүкіл Таяу Шығысты қамтитын оқиғалар жиынтығынан тұрады. Ал, оның кейіпкерлері тек «біздің көшенің» ұлдары ғана емес, ең жоғарғы миссияның өкілдері, бар адамзаттың бақыты үшін күрес жүргізген пайғамбарлар.

Бұл романда Н.Махфуз діни-философиялық проблеманы, дін мен ғылым арасындағы қарым-қатынасты ашуға тырысты. Романның тақырыбы мен идеясындағы негізгі ойлар Махфуздың кейінгі еңбектерінде де өз жалғасын тапты. Ол әңгімелер «Алла әлемі» деген жинағында жарық көрген.

Романның негізгі кейіпкерлерінің күресіне, оны жүргізудің формасына ақыл-кеңес беруші – атақты аталары Джабалауи. Ол Джабалмен кездескенде оған: «Менің сенген адамым сенсің, Джабал. Сен ойланбастан қамсыз тірліктен өзіңнің жазықсыз жапа шеккен әулетіңді қорғаймын деп бас тарттың. Ал, сенің әулетің-менің әулетім. Әділетсіздікті

күшпен жеңідер. Тек қана күшті қолданып, өз бастарыңның билігін алғанда ғана бақытты боласыңдар», - деді [6,95]. Осылайша ақылын айтып, күрес жолының бағытын, мақсатына жетуге күш қолдануды ұсынса, Рифааға: «Джабал өз міндетін орындап, мақсатына жетті. Сөйтіп, артында өлмес із қалдырды. Өз мақсатын терең түсініп, өз бетінше әрекет еткен адам-ең бақытты адам. Бойыңда күш-қуат барда бастаған ісіңді аяқта. Өз әлін, күшін білмеген адам-ақымақ. Ал мен ақымақтықты жек көремін» [5,125], - деп, оның ұстанған бағытының дұрыстығын көрсетеді.

Джабал мен Рифааға Джабалауи тікелей бағыт-бағдарды өз аузымен айтса, Қасым мен Арафаға қызметшілері арқылы кеңес береді. Олардың да іс-әрекетіндегі бағыттарының дұрыстығын, өздері бастаған істің аяқталуы керектігін көшедегі адамдар өзінің ұрпақтары екендігін естеріне салып, шаруашылықтан түскен табыс бәріне ортақ екенін айтады.

Міне, Джабалауимен болған осындай кездесулерден соң әр ұрпақтың өкілі өз заманына сай күрес жүргізген. Осылай ете отырып, автор белгілі бір кезеңдердегі уақыт шеңберінің іші мен әр кезеңде өмір сүрген адамдардың психологиясында ұқсастық болатынын дәлелдеген.

Кез-келген көркем шығармаға жанр ерекшелігіне қарай жүк артылатыны белгілі. Әдеби тектің ішіндегі романға қойылатын талап та үлкен., әдебиетте өмірлік шындық пен көркемдік шындық қабысқан тұста ғана қоғам қайшылығы анық бейнеленіп, жазушының ойы айқындала түседі.

## Қорытынды

Наджиб Махфуз сөйлеу тілінің эмоциональды-экспрессивтік қасиетін сақтай отырып, оны әдеби тілмен байланыстырып, араб романы тілінің негізін салды. Өзінің стильдік қолданысында тілде ұмыт болып қалған тіркестерді қайта өңдеп, осы уақытқа лайықтап қолдана отырып, өз ұлтыны мәдениетінің негізін қалауда зор еңбек еткен.

1989 жылы маусымда Амстердам қаласында өткен араб әдебиетінің апталығында қазіргі араб әдебиеті оның тарихы туралы сөз қозғаған египеттік жаңа толқынның өкілі Суналла Ибрагим Махфуз шығармаларының орынын Египет мәдениетіндегі пирамидалармен салыстырған. Міне, Н.Махфуздың араб әдебиеті мен мәдениетіндегі орнының қаншалықты зор екендігін осыдан байқаймыз.

Махфуздың шығармашылығы ғана емес, жеке басы туралы зерттеу еңбектері де көптеп саналады. Египетте өзін шын мәніндегі әдебиетші, әдеби сыншымын деп есептейтін адам оның өмірі мен творчествосына соқпай кеткен емес. Тек араб елдері ғана емес, Еуропада, Америкада да «араб романының әмірі» туралы көптеген мақалалар, интервьюлер жарық көрген. Махфуздың замандасы Тауфик аль-Хаким: «Наджиб Махфуз романмен мызғымас одақ құрды. Ол араб әдебиеті ғимаратын салып, оған көптеген образдарды қоныстандырды. Бүкіл араб романистикасы Махфуз салған ізбен келеді. Сондықтан оның туған күнін «араб романының мерекесі» деп атаса да болады» деп баға берген [7,58].

Біз жоғарыда сөз еткен «Біздің көшенің балалары» романы дүниежүзі халықтарының көптеген тілдеріне аударылып, өзінің қалың оқырманын тапқан. Енді осы аталған



туынды қазақ тіліне тікелей аударылса, қазақ оқырмандарының сүйікті шағармасы болып, кітапханасының төрінен орын алатыны сөзсіз. Себебі романдағы оқиға, оның кейіпкерлерінің тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік жағдайлары, адамдардың психологиясы қазақ тұрмысына, қазақ халқының болмыс-бітіміне, халықтың жаратылысына өте ұқсас. Сондықтан романды оқи отырып, оқушы өзіне ұқсас нәрсе тапса, оны терең түсініп, жазышының айтпақ болған ойын қиындықсыз түсінетіні анық. Ал, жалпы романның құрылысы жағын алатын болсақ, ол да қазақ әдебиетінің эпикалық жанрындағы шежіре жазу дәстүріне ұқсас. Қазақ халқы өз әулетінің басынан өткен өзекті оқиғаларды келер ұрпақ білсін деген мақсатпен артына шежіре етіп жазып қалдырған. Сол сияқты бұл романда да оқиға бес ұрпақ өкілдерінің басынан өткен жағдайларға негізделеді.

Діні, ділі, тарихында ұқсастығы бар халықтардың болашағы жарқын, келешегі келелі болуы үшін олардың мәдениеті мен әдебиеті бірлікте болып, классикалық дәрежеге жеткен, бүкіл дүниежүзіне танымал болған осындай туындылармен танысудың ерекше мәні бар.

### Әдебиеттер тізімі

1. Кирпиченко В.Н. Махфуз-эмир арабского романа. – Москва: Наука, 1990. – 162 с.
2. Зарытовская В.Н. Запрещенный роман Н. Махфуза «Дети нашей улицы» // Азия и Африка сегодня. № 1. 2019. – С. 65-69.
3. Кирпиченко В. Н. Нагиб Махфуз. Египет. Нобелевская премия 1988 года. Писатели Востока – лауреаты Нобелевской премии. / Сост. и отв. ред. С.Н. Утургаури. – Москва: Институт востоковедения РАН, 2012. – 159 с.
4. Құрманғали Г.Қ. Мұхаммед әл-Ариан және тарихи роман жанры // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университетінің хабаршысы. №1(122). 2018. – Б. 115-119б.
5. Махфуз Н. Дети нашей улицы. / Пер. с араб. В. Зарытовской. – Москва: Центр гуманитарного сотрудничества, 2012. - 558 с.
6. Азия және Африка елдері жазушыларының форумы. – Алматы: Жазушы, 1953. – 255 б.

### References

1. Kirpichenko V.N. Mahfuz-emir arabskogo romana [Mahfouz Emir of the Arabic Novel] (Nauka, Moscow, 1990, 162 p.). [in Russian]
2. Zarytovskaya V.N. Zapreshchennyi roman N. Mahfuza «Deti nashei ulitsy» [The banned novel by N. Mahfouz "Children of our street"], Aziya i Afrika segodnya [Asia and Africa today], 1, 65-69 (2019). [in Russian]
3. Kirpichenko V. N. Nagib Mahfuz. Egipet. Nobelevskaya premiya 1988 goda. Pisateli Vostoka – laureaty Nobelevskoj premii [Egypt. Nobel Prize 1988. Writers of the East – Nobel Prize laureates.], Compiled and edited by S.N. Uturgaui. (Institute of Oriental Studies of the Russian Academy of Sciences Institut vostokovedeniya RAN, Moscow, 2012, 159 p.) [in Russian]
4. Kurmangali G.K. Muhammed әl-Arian zhәне tarihi roman zhanry [Muhammad al-Arian and the historical novel genre], L.N.Gumilev atyndagy Euraziya universitetinin habarshysy [Bulletin of the Eurasian University named after L.N. Gumilyov], 1(122), 115-119 (2018). [in Kazakh]

5. Mahfuz N. *Deti nashej ulicy* [Children of our street], Translated from Arabic by V. Zarytovskaya (Center for Humanitarian Cooperation, Moscow, 2012, 558 p.). [in Russian]

6. Aziya zhane afrika elderi zhazushylarynyn forumy [Asia and Africa forums] (Zhazushy, Almaty, 1953, 255 p.). [in Kazakh]

**Г.А. Камишева, Ш.У. Баймаханова**

*Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан*

**Идейно-художественные особенности романа Наджиба Махфуза «Дети нашей улицы»  
(«اولاد حارتنا»)**

**Аннотация.** За свою творческую жизнь Н. Махфуз написал более тридцати романов, среди которых наиболее высоким является исторический роман «Дети нашей улицы» – «*حارتنا اولاد*». Современная арабская литература отличается разнообразием и обилием произведений исторического характера. Исторический роман появился не внезапно в арабской литературе, он тесно связан с популярными в средние века «народными романами». В анализируемом нами произведении отчетливо видны элементы исторического изложения, описываются традиции востока, а также наблюдается связь с определенными историческими личностями и событиями. В романе рассказывается история развития всего человечества на основе судьбы пяти главных героев. В произведении осуществляется изучение истории художественными средствами, позволяющими сравнивать далекие эпохи, размышляя об общих вопросах развития цивилизации и человеческой природы.

В статье говорится о творчестве лауреата Нобелевской премии, эмира арабского романа не только Египта, но и арабского мира в целом Наджиба Махфуза и сделан литературно-теоретический анализ его романа «Дети нашей улицы». А так же анализируются стиль романа, средства выразительности и его сюжет, композиция, тема и идея.

**Ключевые слова:** арабская литература, роман-притча, арабский реализм, вопросы конфликта человека и общества, исторический роман, сюжет.

**G.A. Kamisheva, Sh.U. Baimakhanova**

*Korkyt ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan*

**Ideological-artistic features of the novel of Najib Makhfuz "Children of our street"  
(«اولاد حارتنا»)**

**Abstract.** During his creative life, N. Mahfuz wrote more than thirty novels, among which the highest is the historical novel "Children of Our Street" («*حارتنا اولاد*»). Modern Arabic literature is distinguished by a variety and abundance of works of a historical nature. The historical novel did not appear suddenly in Arabic literature, it is closely related to popular "folk novels" in the Middle Ages. The work we analyze clearly shows elements of historical presentation, describes the traditions of the east, and also shows

a connection with certain historical figures and events. The novel tells the story of the development of all mankind based on the fate of the five main characters. In the work, the study of history is carried out by artistic means that allow you to compare distant eras, reflecting on the general issues of the development of civilization and human nature.

The article talks about the work of the Nobel Prize winner, the emir of the Arab novel not only Egypt, but also the Arab Mia in general Najib Mahfuz and made a literary and theoretical analysis of his novel "Children of Our Street". And also analyze the style of the novel, the means of expressiveness and its plot, composition, theme and idea.

**Key words:** Arabic literature, parable novel, Arabic realism, issues of conflict between man and society, historical novel, plot.

### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Камишева Г.А.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Шетел тілдері және аударма кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қызылорда, Қазақстан.

**Баймаханова Ш.У.** – магистр, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Шетел тілдері және аударма кафедрасының аға оқытушысы, Қызылорда, Қазақстан.

**Kamisheva G.A.** – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of Foreign Languages and Translation of the Korkyt ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.

**Baimakhanova Sh.U.** – Master, Senior lecturer at the Department of Foreign Languages and Translation of the Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).